**Ахмет Ақбөпе Нұрқадырқызының**
**«8D01704 – Орыс тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Жоғары оқу орнында орыс тілі сабақтарында гуманитарлық мамандықтардың студенттеріне жазбаша ғылыми дискурсты оқытудың инновациялық тәсілдері» атты диссертациялық жұмысына**

# АҢДАТПА

**Зерттеудің өзектілігі.** Қазіргі заманда жоғары білім беру жүйесі үздіксіз өзгеріс үдерісін үстінде. Мұндай өзгерістердің негізгі мақсаты – білім беру мазмұнын қоғамдық талаптар мен білім алушылардың қажеттіліктеріне бейімдеу. Бұл өзгерістер жаңа пәндерді енгізу және қолданыстағы пәндердің мазмұнын жаңарту арқылы жүзеге асқанымен, жоғары оқу орнының басты миссиясы – өз саласында құзыретті әрі кәсіби білікті маман даярлау болып қала береді.

Қазіргі кезеңде билингвизм мен ғылыми коммуникация мәселелеріне қызығушылықтың артуына қарамастан, жоғары оқу орындарында жазбаша ғылыми дискурсты оқыту көбіне нәтижеге ғана бағытталып отыр. Алайда студенттердің академиялық жазу дағдыларын кезең-кезеңімен қалыптастыру үдерісі әлі де жеткілікті деңгейде ашылып, толық зерттелмеген. Осыған байланысты студенттердің тілдік, мәдени және когнитивтік ерекшеліктерін ескере отырып, ғылыми жазылым дағдыларын кезең-кезеңімен қалыптастыруға арналған инновациялық оқыту тәсілдерін енгізу қажеттілігі туындайды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі жоғары гуманитарлық білім беру жүйесінде, сондай-ақ жалпы іс жүргізу салаларында студенттерде орыс тілінде ғылыми жазудың тұрақты дағдыларын қалыптастыру қажеттілігін арттыратын жазбаша ғылыми дискурстың рөлінің артуымен, сонымен қатар, ана тілінің негізінде және академиялық коммуникацияның мәдениетаралық ерекшеліктерін ескере отырып, жазбаша ғылыми дискурсты оқыту әдістемесінің жеткілікті деңгейде әзірленбеуімен айқындалады.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі негізгі мәселелердің бірі – студенттердің ғылыми мәтіндерінің сапасына қойылатын жоғары талаптар мен ғылыми жазылым дағдыларын кезең-кезеңімен қалыптастыруға бағытталған жүйелі инновациялық тәсілдердің жеткіліксіздігі арасындағы қайшылық. Бұл жағдай ғылыми жазуды тиімді оқыту әдістемесін жетілдіру қажеттілігін айқындайды.

Жазбаша ғылыми дискурс білімді жүйелі жеткізуге, ғылыми зерттеу нәтижелерін құрылымдауға және зерттеушінің ғылыми қауымдастыққа енуіне мүмкіндік береді. Сондықтан оқытушы студенттердің ғылыми тіл нормаларын, жанрлық талаптарды және ғылыми танымға тән құндылықтық әрі когнитивтік ұстанымдарды меңгеруіне мақсатты түрде жағдай жасауы тиіс.

**Зерттеудің нысаны** – жоғары оқу орнында орыс тілін оқыту жағдайында гуманитарлық мамандықтағы қазақтілді студенттердің жазбаша ғылыми дискурсын қалыптастыру үдерісі.

**Зерттеудің пәні** – қазақтілді студенттердің жазбаша ғылыми дискурс дағдыларын қалыптастыруға бағытталған инновациялық оқыту тәсілдері.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Зерттеудің мақсаты – жоғары оқу орнында орыс тілі сабақтары барысында ана тілдің интерференциясын, билингвизм деңгейін және ғылыми сөйлеудің мәдениаралық ерекшеліктерін ескере отырып, қазақтілді студенттердің орыс тілінде ғылыми жазылым дағдыларын қалыптастыру.

Қойылған мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер жүзеге асырылды:

- жазбаша ғылыми дискурстың лингводидактикалық ұғым ретіндегі ерекшеліктері мен қызметтерін оның әртүрлі ғылыми интерпретациялар тұрғысынан айқындау;
- қазақтілді студенттердің орыс тіліндегі ғылыми дискурсты меңгеру үдерісінде билингвизм құбылысы мен ана тілінің ықпалын талдау;
- гуманитарлық мамандықтағы қазақтілді студенттердің жазбаша ғылыми дискурсын қалыптастыруға бағытталған инновациялық оқыту тәсілдерінің жүйесін әзірлеу және теориялық тұрғыдан негіздеу;
- жоғары оқу орнында орыс тілі сабақтарында инновациялық тәсілдерді қолданудың әдістемелік қағидаттарын айқындау;
- ұсынылған инновациялық тәсілдер жүйесінің тиімділігін эксперименттік тұрғыдан тексеру және оқытушыларға арналған әдістемелік ұсынымдарды жинақтау.

**Зерттеудің материалы** ретінде, ең алдымен, эксперимент барысында гуманитарлық мамандықтарда білім алатын билингв студенттерге ұсынылған және жазбаша ғылыми дискурстың дағдыларын қалыптастыруға бағытталған арнайы әзірленген оқу тапсырмаларын орындау нәтижелері алынды.

Аталған материалды пайдалану билингв студенттерді жазбаша ғылыми дискурсқа оқытуда қолданылып жүрген әдістерді талдауға мүмкіндік береді. Материалды тексеру барысында оқытушы студенттердің ғылыми стиль нормаларын қаншалықты меңгергенін, олардың жеке тілдік-ойлау стратегияларының қалай жүзеге асатынын, сондай-ақ орыс тілін меңгеру деңгейін анықтай алады.

Зерттеудің тағы бір міндеті – билингв студенттердің орыс тілінде ғылыми мәтіндер жазу барысында кездесетін типтік қиындықтарын талдау. Зерттеуде мәтіннің логикалық-композициялық құрылымының бұзылуы, дәлелдеу барысында туындайтын қиындықтар немесе ғылыми ойды рәсімдеу мәселелері, сондай-ақ ғылыми стильге тән тілдік құралдарды орынды қолдану мәселелері қарастырылады.

Аталған ерекшеліктер тек тілдік қателіктер ретінде ғана емес, сонымен қатар билингвалды білім беру ортасына байланысты қалыптасатын дискурсивтік және когнитивтік айырмашылықтардың көрінісі ретінде қарастырылатынын атап өткен жөн.

Сондай-ақ зерттеу материалына педагогикалық эксперименттің нәтижелері де енгізілді: жазбаша ғылыми дискурсты оқытудың инновациялық тәсілдерін апробациялау, ағымдық және қорытынды бақылау нәтижелері. Бұл

деректер әртүрлі гуманитарлық бағыттарда білім алатын қазақтілді студенттердің ғылыми жазу дағдыларының қалыптасу динамикасын бағалауға мүмкіндік береді.

Осы зерттеу барысында келесі **гипотеза** ұсынылып, тексерілді: диссертацияның практикалық бөлімінде ұсынылған әдістемеге негізделген гуманитарлық мамандықтарда білім алатын қазақтілді студенттердің жазбаша ғылыми дискурсын қалыптастыру төмендегі шарттар сақталған жағдайда неғұрлым нәтижелі әрі саналы түрде жүзеге асады:

1. оқыту барысында назар тек тілдік нормалар мен жанрлық талаптарды меңгертуге ғана емес, сонымен қатар ғылыми мәтінді логикалық тұрғыдан құрылымдау, дәлелдеу (аргументация) және авторлық ұстанымды білдіру дағдыларын қалыптастыруға аударылады;
2. қазақтілді студенттердің ана тілінің ықпалы мен олардың сөйлеу-ойлау стратегияларының ерекшеліктері ескеріледі;
3. жазбаша ғылыми дискурсты кезең-кезеңімен қалыптастыру (мақсаттардың біртіндеп күрделенуі) жүзеге асырылады;
4. ұсынылатын тапсырмалар мен бағалау критерийлері студенттердің гуманитарлық даярлық бағытына сәйкес сараланады;
5. студенттерге ғылыми этикеттің (ғылыми коммуникацияның) құндылықтары мен нормаларын меңгерту қамтамасыз етіледі.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды: студенттердің жазбаша ғылыми мәтіндеріне дискурстық және лингвостилистикалық талдау жүргізу; ғылыми мәтіннің логикалық ұйымдасуы мен аргументация ерекшеліктерін анықтауға бағытталған құрылымдық-композициялық талдау; сондай-ақ педагогикалық әдістер (жоғары оқу орындарындағы орыс тілі пәні бойынша оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік материалдарды талдау, жазбаша ғылыми дискурсты оқыту үдерісін бақылау, білім алушыларды тестілеу). Зерттеудің эксперименттік бөлімі педагогикалық эксперименттің констаттаушы, қалыптастырушы және бақылау кезеңдерін, сондай-ақ оқытудың инновациялық тәсілдері жүйесін енгізгенге дейін және енгізгеннен кейін студенттердің жазбаша жұмыстарының нәтижелерін салыстырмалы және статистикалық талдауды қамтыды.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Зерттеудің жаңалығы әдістемені әзірлеу барысында ана тілдің интерференциясын, академиялық коммуникацияның мәдениаралық ерекшеліктерін және ғылыми мәтінді қалыптастырудың когнитивтік тетіктерін жүйелі түрде ескерумен, сондай-ақ ғылыми жазылым кезеңдеріне сәйкес жазбаша ғылыми дискурсты оқытудың инновациялық тәсілдерін жүйелеумен негізделеді.

Диссертацияда алғаш рет гуманитарлық бағыттағы студенттердің даярлық бейінін ескере отырып, ғылыми жазылымды оқытудағы инновациялық тәсілдердің тиімділігін бағалау критерийлері ұсынылып, ғылыми тұрғыдан негізделді. Бұл жазбаша ғылыми дискурсты қалыптастыру әдістемесін студенттердің білімдік және кәсіби мақсаттарына сәйкес саралауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жоғары оқу орнында орыс тілін оқыту әдістемесінде алғаш рет гуманитарлық мамандықтағы қазақтілді студенттердің жазбаша ғылыми дискурсын кезең-кезеңімен қалыптастыруға бағытталған, билингвальді контексті ескеретін инновациялық тәсілдер жүйесі әзірленіп, тәжірибелік апробациядан өткізілді.

Аталған зерттеу жоғары мектептегі орыс тілін оқытудың лингводидактикалық әдіснамасын дискурстық, когнитивтік және мәдениаралық тұғырларды кіріктіру арқылы кеңейтіп, ғылыми жазылым дағдыларын қалыптастыру тиімділігін бағалаудың ғылыми негізделген өлшемдерін айқындау арқылы толықтырады.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар**:

1. Жазбаша ғылыми дискурс – когнитивтік, коммуникативтік және дискурстық компоненттерге негізделген күрделі лингводидактикалық құрылым. Жоғары оқу орындарында орыс тілі сабақтарында бұл компоненттердің қалыптасуы қазақ тілді студенттерге ана тілінің ықпалына байланысты күрделене түседі. Бұл жағдай ғылыми стильді дәстүрлі оқыту шеңберінен шығатын арнайы әдістемелік қолдаудың қажеттілігін дәлелдейді.

2. Студенттердің жазбаша ғылыми дискурсты меңгеру үдерісінде ана тілінің ықпалы бірнеше қырынан көрініс табады: мәтіннің логикалық-композициялық ұйымдасу ерекшеліктерінде, дәлелдеу жүйесінде, авторлық ұстанымды білдіру тәсілдерінде және ғылыми стильге тән тілдік құралдарды қолдануда. Осы факторларды ескеру жоғары оқу орындарында орыс тілінде ғылыми жазуды оқыту тиімділігін арттырудың маңызды шарты болып табылады.

3. Докторлық диссертацияның практикалық бөлімінде ұсынылған билингв студенттерді оқытуға арналған инновациялық әдістер жүйесін қолдану білім алушыларда ғылыми жазу дағдыларының саналы әрі тұрақты қалыптасуын қамтамасыз етеді. Бұл жүйе микрожазу технологиясын, үлгілер мен алгоритмдермен жұмысты, ұғымдардың интерактивті карталарын қолдануды, рефлексивті парақтармен жұмысты, сондай-ақ бірқатар қосымша дидактикалық оқыту құралдарын қамтиды.

4. Билингв студенттердің орыс тілінде сапалы ғылыми мәтіндер жазу дағдыларын қалыптастыру кезеңділік, рефлексивтілік және саралау қағидаттарын сақтау жағдайында мүмкін болады. Бұл қағидаттардың жиынтығы жазбаша ғылыми жұмыстардың сапасын арттыруға және студенттердің ғылыми ортада сәтті коммуникация жасауына қажетті құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді.

5. Ұсынылған әдістеменің эксперименттік апробациясы билингв студенттердің ғылыми мәтіндерінің логикалық ұйымдасуының жақсарғанын, баяндаудың дәлелділігінің артқанын, сондай-ақ ғылыми терминологияны дұрыс әрі орынды қолдану деңгейінің жоғарылағанын көрсетті. Алынған нәтижелер ұсынылған әдістемені қазақ бөліміндегі топтарда жоғары оқу орындарында орыс тілін оқыту тәжірибесіне енгізу үшін ұсынуға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің теориялық маңыздылығы.** Докторлық диссертацияның теориялық маңыздылығы жоғары оқу орнында орыс тілін оқыту әдістемесіндегі жазбаша ғылыми дискурс туралы қалыптасқан түсініктерді нақтылауымен айқындалады. Зерттеуде жазбаша ғылыми дискурс билингвальді білім беру жағдайында ана тіл интерференциясы мен академиялық коммуникацияның мәдениаралық ерекшеліктерін ескере отырып қалыптасатын күрделі коммуникативтік-когнитивтік құрылым ретінде тереңдетіліп қарастырылады. Зерттеу нәтижелері академиялық жазылым, билингвизм және жоғары мектепте орыс тілін оқыту мәселелерін шешуде, сондай-ақ ғылыми жазылымды оқыту теориясын одан әрі дамытуда қолданбалы әрі теориялық тұрғыдан маңызды.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы.** Диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығы алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде, атап айтқанда гуманитарлық мамандықтарда білім алатын қазақтілді студенттерді орыс тілі сабақтарында жазбаша ғылыми дискурсқа үйрету барысында қолдану мүмкіндігімен айқындалады.

Аталған зерттеуде ұсынылған жазбаша ғылыми дискурсты оқытудың инновациялық әдістемесі практикалық және семинарлық сабақтарды өткізу барысында, сондай-ақ академиялық жазу бойынша арнайы курстар мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеуде қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар зерттеу материалдары билингвалды білім беру ортасында ғылыми жазу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік ұсынымдарды дайындау барысында пайдаланылуы ықтимал.

Қазақ бөлімінде білім алатын гуманитарлық мамандық студенттерінде жазбаша ғылыми дискурсты қалыптастыру мәселесіне арналған зерттеу нәтижелері ғылыми-зерттеу қызметін жандандыруға және әртүрлі жанрдағы жазбаша ғылыми жұмыстарды дайындауға негіз бола алады

**Зерттеу нәтижелерінің апробациясы.** Зерттеу барысында 11 ғылыми мақала жарияланды, олардың 6-ы ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 мақала Scopus халықаралық деректер базасында индекстелетін журналдарда, сондай-ақ 3 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында жарық көрді.

**Диссертацияның құрылымы.** Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.